

“Мәдени мұра” бағдарламасы

Қасымхан Қаленовтің, Ғаділша Түсіпбековтің, Ақылбек Шайхиннің, Мырзахан Қалияқпаровтың, Амангелді Туғанбаевтың, Күләш Сардарбекова мен Торғай Ақпанбаеваның өңірімізден алғаш рет көркем прозаға қалам тартып, романымен Абылай заманынан сыр ақтарған Мұқамедқали Баймұхановтың есімдерін ардақтап мақтанатын, риясыз шат көңілден алғыс айтып, құрметтейтін ұшқан ұясы.

Бүгінгі Ақтоғай - Тәуелсіздік берген еркіндікті арқа тұтып, жеті атаның тарихын, әулеттердің ұлттық шежіресін ауыздан-ауызға теріп алып жинақтап, кітап етіп жазып, әр туманы өзінің шыққан тегімен таныстыратын ғұмырнамалық оқулыққа айналдырған Тұрсынбек Жақсыбаев, Жақсырақым Ғалыұлы, Мәжит Балғабаев, Зияда Аманбаев, Серғазы Кенжеғарин, Тө-

ұзаратын ұлтжанды ұрпақтарымыздың айбынды ақ ордасы.

Ақтоғай ауданының жер көлемі 52 мың шаршы шақырым. Тұрғылықты халқының саны 18 240 адам. Ауданның әкімшілік құрамында 2 кент, 15 ауылдық округтер бар. Ауданда 25 білім беру ошағы (оның 14-1 орта мектептер, 11 негізгі мектеп) 3 балабақша, білім беру, тәрбие ісімен шұғылданады. Ауданда 1 аурухана, 2 фельдшерлік-акушерлік пункттер, 7 дәрігерлік емхана, 24 медпункт халыққа медициналық қызмет көрсетеді. 19 кітапхана, 19 клуб үйлері, 2 "Зерде" автоқызметі, 5 халықтық өнер ұжымы жұмыс жасайды. Өнер мектебі, аграрлық-техникалық колледж, спорт мектебі, археологиялық-этнографиялық мұражайы, Ж.Шайдаров атындағы саябақ, жазғы стадион халықтың игілігіне айналууда.

ры бағалап, Ақжолтай батыр деп атаған. Ағыбай Сарыарқа мен Бетпақ даланың шектескен жерінде Тай-атқан-Шұнақта жерленді.

Көшкін баба мазары

Көшкін баба-2002 жылы Балқаш-Ақтоғай тас жолының бойында Сарытерек ауылына төмендеу жазықта. Көшкін бабаға ас беріліп, мазар тұрғызылып, басына құлпытас қойылды.

Қожағұл баба мазары

2004 жылы Жетімшоқыда Қожағұл бабамызға арнап ұрпақтары ас беріп, ескерткіш кесене орнатып құлпытас қойды.

Нарманбет мазары

/1859-1918/

Нарманбет Орманбетұлы-ағартушы, ақиық ақын, жыр керуенінің басшысы, философ. Мазары Нарман-

Ел тарихы-рухани қазына

(Танымдық дерекнама)

леген Әмірханов, Қуандық Сәденовтердің азан шақырып ат койған қара орманы, қасиет қонған ауылы.

Бүгінгі Ақтоғай - көркем суретте, қыл қаламның хас шеберіне айналған, кеңестік кезеңнің барлық марапаттауларының иегері атанған, даңқы киномен де әйгіленген, тума талант иесі Сахи Түсіпбекұлы Романовтың, біздің заманымызға дейінгі тарихты қабірстанның тасы мен топырағынан аршып алып, зерттеп, рәсімдеп, сақ дәуірінің алтын адамдарын байырғы қалпына келтіріп, Ұлы даланың өркениетінің тереңдегі тамырын тауып, айшықтаған академик, әйгілі реставратор Қырым Алтынбековтың, қазақтың екінші Қастееві атанған Райымқұл Есіркевтің, ағаштан ою ойып, темірден түйме түйген Қалқаман Тілеухановтың ғасыр ғажайыбына айналып, замана талғамының таңдауына түскен «Қазақ Елі» монументінің авторы Сембіғали Смағұловтың ата жұрты.

Бүгінгі Ақтоғай - арқаны әнге бөлеп, өз көрермендерінің көзайымына айналған таразыдағы, тағдырларын таланттарының бәйгесіне тігіп, тұлпардың тұяғын жалғаған, алдыңғы аға буынның өнердегі өрелі істері мен өнегелерінен тәбәрік алған Тұрған, Ғалия, Дәртай, Оралтай, Жақсылық, Сәбет, Шәмши, Мәден, Шыныбек, Дәкуат, Сүндет, Есіркеп, Төлеу, Мәрен, Дәриға, Зина, Шәпибай, Бектұрсын, Сейдіғалпар, Төлеуақыр, Сәмет, Мұраттар, Самыратбек, Күлмара, Ләззат, Рымкеш, Гүлдана, Болат, Күліш, Алтын, Сәттарлар, Садық, Қамажай, Қуат, Қамза, Амангелділер, Қайролла, Аманолла, Еркеш, Марат, Мұқан, Қалтай, Қабжан, Қайыргелді, Рым, Ғалия, Нұрлан, Алтай, Қайыр, Қарлығаш, Төлеуғазы, Шәмшия, Әлия, Айгүл, Отай, Бақыт, Бегендік, Асылмұрат, Марлан, Әлібек, Кенес пен Амантай, Қадыр, Нұрай мен Қайрат, Дәурен мен Даналардың, Бұлбұл мен Жоламанның, Әсем мен Әйгерімдердің, Маржан мен Ғибраттардың өнерлерін әлдилеп тербеткен әулие бесігі.

Бүгінгі Ақтоғай - аты аңызға айналған алып күш иесі Жанбай балуанның күрес белбеуін кие тұтып, боз кілемде жауырындары жер құшып көрмеген, қарсыластарын қайыстырып, тізе бүктіріп, бәйге алған Сердалы мен Бақыттың, Мұрат пен Русланның, Жұмабай мен Маураттың, Жанболат пен Ералының, былғары қолғаптың ақ берені атанған Мейрамның жүректеріне батылдық, білектеріне күш-қайрат беріп, ерік-жігерлерін намыспен шыңдаған рухты жер.

Бүгінгі Ақтоғай - туған жердің топырағына бас иіп тағзым етіп, ел-жұрттың алғысына бөленіп, азаматтық парыздарын пейілі кең қайырымдылық пен алақандары ашық мырзалықпен өтеп жүрген ақжолтай-жомарт іскер азаматтар Б.Алтынбековтың, С.Қасымбековтың, Ж.Мырзабековтың, С.Смағұловтың, М.Бегімбетовтің, И.Ермеков пен Т.Төребековтің туып-өсіп, түлеп ұшқан «біз қазақпыз» деп сыйынатын қарашаңырағы.

Бүгінгі Ақтоғай-атадан ақ бата алып, ананың өнегесін өмірдің өтпелі көпіріне айналдыратын, туған елінің рухани қуатын болашақтарының бағдарлы темір қазығы деп санайтын, туған жерінің табиғи байлығын шалқар дәулеттің өз еншісіне тиесілі үлесі деп қорғайтын, өткен күндердің шырақшысындай болған текті тұлғаларына бас иіп, тағзым ететін, ар-ожданға деген адалдықты намыспен қайралған сертімен ақтайтын, пенделік ғұмыры үмітті келешекпен

Аудан бойынша 524 кәсіпкерлер мен 675 шаруа қожалықтары құрышып, аудан экономикасын көтеруге өз үлестерін қосуда.

Ақтоғайдың киелі жері мен текті елінде бабалар да, батырлар да, ақындар да, әншілер де туып өскен.

ДАНА БАБАЛАР МЕН ДАРА ТҮЛҒАЛАР

Жалаңтөс батыр мазары

/1696-1768/

Жалаңтөс Жансарыұлы /Құлықұлы/ -ерен «көзсіз батыр». Мазары Соқыр өзенінің бойында. 1994 жылы ұрпақтары үлкен ас беріп, мазарын жаңартты. Бірлестік ауылына батыр есімі берілді.

Қарамендеби мазары

/1707-1797/

Қараменде Шақаұлы орта жүзге белгілі би, көріпкел әулие, дуалы ауызды адам болған. Мазары Ақтоғай селосынан 5-6 шақырым, Ақтас өзенінің Тоқырауынға құяр сағасындағы «Қаракөң айырығы» деген жерде. 1993 жылы Ақтоғайда үлкен ас беріліп, мазары жаңартылды. Бұрынғы "Еңбек" кеңшарына бабаның аты берілді.

Сеңкібай мазары

/1709-1786/

Сеңкібай Оразғұлұлы-қазақтың тағы бір айбынды жеңімпаз батыры әрі шешен биі, Мүрдесі жерленген Қызылтаудағы (Шет ауданы) Талды өзенінің жағасындағы төбедегі бейітінің басына габро (қарақөкшіл) гранитпен үлкен ескерткіш орнатылып ас берілді.

Жидебай батыр мазары

/1713-1813/

Жидебай Қожаназарұлы -Абылай ханның ең сенімді қолбасшысы, белді батыры болған. Мазары Аюлы тауының алқамында, Нұра өзенінің бойында. 1993 жылы үлкен ас беріліп, мазары жаңартылды. Бұрынғы «Қоңырат» кеңшарына батыр аты берілді.

Санаби мазары

/1717-1797/

Сана Қожантайұлы-өз заманында «қанатты қара» аталған қасиетті адам болған. Ат ұстап, көлік мінбеген, көзге көрінбей ұшатын қасиеті болған, мазары Тоқырауын өзені бойындағы жалғыз төбе үстінде. Бұл жер «Сана би» деп аталады. 1994 жылы үлкен ас беріліп, мазары жаңартылды.

Әуезене мазары

/1748-1850/

Әуезене-көріпкел, әулие, халық емшісі. Ақтоғай-Балқаш қаражолында Әуезбақы деген бұлақ көгалды жер бар. Әуезене ұрпақтары сол жерде 250 жыл толуына арнап ас берді. Қабірін мәрмәр таспен жауып, басына құлпытас орнатылды.

Шабанбай би мазары

1754-1839/

Шабанбай Қалқаманұлы-атақты шешен, дуалы ауызды, әділ би болған. Мазары Ақтоғай Қарағанды тас жолында таяу Нұра өзенінің жағасында, Шет ауданынан 10-12 шақырым оңтүстік шығыс бағытта. 1995 жылы үлкен ас беріліп, мазары жаңартылды. Бұрынғы «Қаратал» кеңшарына бабаның есімі берілді.

Ағыбай батыр мазары

/1802-1885/

Ағыбай Қоңырбайұлы-халық Ағыбайдың батырлығын, ақылын, тапқырлығын, көрегендігін жоға-

бет селолық округіне қарасты Саға деген жерде. 1991 жылы Нарманбет қыстағы маңындағы Ерменбет қосқызылында үлкен ас берілді. Жаңадан ескерткіш көктас қойылды. Бұрынғы XXII партсъезд атындағы кеңшарға ақын есімі берілді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов



1866 жылы наурыз айының 5-ші жұлдызында Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округінде өмірге келген. Әлиханның ата-тегі Шыңғыс ханнан бері келе жатқан төре тұқымынан, Бөкейханнан тарайды. Көкжал Барақ сұлтанның баласы Бөкейхан қазақтың таққа отырған соңғы хандарының бірі. (1937 жылдың 27 қыркүйек күні өлім жазасына кесілген).

Әлихан Бөкейхан - ормантанушы, ботаник, экономист, тарихшы, қазақтың мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған бірегей ғалым, көркем аудармашы, тұңғыш абайтанушы, тұңғыш энциклопедист, сыншы, қоғам және мемлекет қайраткері «Алашорда» автономиясы үкіметінің тұңғыш төрағасы, ғұлама ғалым, мемлекеттік дума депутаты, «Ғасыр саңлағы», ұлт көсемі. Бүгінде Әлиханға Ақтоғай селосындағы бас даңғылдың, ең байырғы орта мектептің аты берілген. Желтаудағы туған қыстауының орны алғашқы калпына келтіріліп, ескерткіш тақта орнатылды.

Жақып Ақбаев



Есімі алты алашқа мәшһүр болған Жақып мырза Ақбаев 1876 жылы 7 қарашада Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қараменде би ауылдық округіне қарасты Ақбай қыстағында өмірге келген. Ж.Ақбаев қазақтан шыққан тұңғыш құқық магистрі. Әлемдегі халықтар мен мемлекеттер тарихы мен тағдырын жете білетін, өз ұлтының жағдайы жөнінен көп толғанатын ғұлама. Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы, қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі әрі оның бас прокуроры қызметін атқарған. Алаш автономиясының құқықтық негіздері, Алашорда үкіметінің құрылымы, Алаш партиясының бағдарламасын жасаудағы Ж.Ақбаевтың үлесі өз алдына бір төбе.

Алаштың біртуар азаматы сталиндік саясаттың зорлық-зомбылығы мен қуғын-сүргінінен айықпас дертке шалдығып, 1934 жылдың 4 шілдесінде Алматы қаласында дүние салды.


Бүгінде Жақып Ақбайдың туған жері Берікқарадағы Ақтас ауылында орта мектебі, Ақтоғай селосында көше 1992 жылдан Жақанның есімімен аталады. Туған жеріне ескерткіш тақта қойылды.

Тұңғышбай Мұқанов.

(Басы газеттің №31 санында).

Ел тарихы - рухани қазына

**Әлімхан Әбеуұлы
Ермеков**



Әлімхан Әбеуұлы Ермеков 1891 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылдық округіндегі «Бөріктас» деген жерде дүниеге келген. Белгілі қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысы жетекшілерінің бірі. Азамат соғысынан кейін қазақ революциялық комитетінің мүшесі, қазақ жерлерін Қазақ АКСР-ның шеңберінде тұтас дерлік топ тастыруда ерекше еңбек сіңірген, көптеген жауапты қызметтер атқарған. Қазақ зиялыларының қатарынан тұңғыш рет математика саласынан профессор атағына (1935 жылы) ие болған. Жалпы, Ермековтер білім қонып, ғылымның қарашаңырағы атанған әулиет. Әлімханның немере інісі - Мүсілім Әмірханұлы Ермеков ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Республикасы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, мемлекет қайраткері, бірегей ғалым болған. Ұлы - Төлеген Мүсілімұлы Ермеков, келіні Раиса Кәрімқызы Ермекова - екеуі де ғылым докторлары.

Ә.Ермеков 1970 жылы дүниеден қайтты. 1992 жылы Әлекеңнің 100 жыл толу құрметіне ас беріліп, туған жері Ақтоғайда аталып өтілді. Қазір Ә.Ермеков атында орта мектеп, аудан орталығында көше сол кісінің есімімен аталады. Туған жеріне ескерткіш тақта қойылды

**Ақтоғайлық Кеңес
Одағының батырлары**

**Қазбек Бейсенұлы
Нұржанов (1919-1944)**

1919 жылы туған. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына алынды. Соғысқа 1942 жылдың сәуірінен бастап қатысты. 2-ші Беларусь майданында 5-атқыштар дивизиясына қарасты 61-истребитель дивизионының барлаушылар взводуның командирі болды. Аға сержант Қазбек Нұржанов Волгада шайқасты, Орелде, Зуш, Десна, Сож, Днепр, Прут, Березина өзендерін кешіп өтті.

«Первомайский» совхозы маңында жаудың танкісін жалынға орады, үш



машинасын талқандады, 97 фашисті тұтқынға алды.

Волковск қаласын алу кезіндегі шайқастарда ауыр жараланып, 1944 жылдың 14 шілде күні қайтыс болды.

Ерлік пен батылдық көрсеткені үшін СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1945 жылдың 24 наурызында Қазбек Бейсенұлы Нұржановқа қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Ақтоғай қонысындағы саябаққа батырға ескерткіш орнатылды. Жидебай селолық округіндегі орта мектеп Қазбектің атымен аталады.

Нүркен Әбдіров (1919-1943)



1919 жылы туған. Соғыс басталғанда Нүркен Орынбор әуе училищесінде оқитын. Кейін Ташкенттегі және Сібір қалаларының біріндегі шабуылшы-әскери ұшқыштар дайындайтын курсты бітірді.

Оқуды бітіргеннен кейін ол 267 әуе дивизиясының 808 шабуылшы полкы құрамында майданға аттанды. Нүркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оқ-дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты. 1942 жылдың 19 желтоқсанында Боков-Пономарев станциясы маңайында үлкен 6 танк, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының 2 қондырғысын жойып жіберді.

Осынау теңдесі жоқ ерлігі үшін Нүркен Әбдіровке 1943 жылдың 31 наурызында Кеңес Одағының Батыры

атағы берілді. Бұрынғы Жамшы кеңшары Нүркен ауылдық округі болып аталады. Туған жеріндегі мектепке Нүркеннің аты берілген.

**Мұқанов Маубас
(1898-1968)**

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылында туған. Сталин атындағы ұжымшарының аға шопаны болып еңбек еткен. 1947 жылы 400 саулықтан 480 қозы алып, әрқайсысының орта салмағын 42,7 кг-ға жеткізген. 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. «Ленин» орденімен марапатталған.

**Ыбыраев Сәтибек
(1889-1962)**

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, қазіргі Қараменде би ауылында туған. «Қуаныш» колхозында жасынан жылқышы, шопан болып еңбек етіп, 1948 жылы 430 саулықтан 569 қозы алып, әрқайсысының орта салмағы 42 кг-ға жеткізген. 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, «Ленин» орденімен марапатталған.

**Күзембаев Түсіп
(1890-1958)**

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылында туған. 1908 жылдан бастап ағылшындарға қарасты «Джимми» шахтасында тіреуші, кен қазушы болып жұмыс істеген. 1933-37 жылдары №1 шахтаның кен қазушылар бригадасын басқарған. 1935 жылы 21 қыркүйекте 6 адамы бар бригада әр тәулігіне 11 вагон-арбаның орнына 220 вагон-арба көмір өндіріп, республикалық рекорд жасаған. 1936 жылы Москвада көміршілердің Бүкілодақтық кеңесіне қатысып, 1937 жылы Қазақ ССР Жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланған. 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 3 мәрте «Ленин» орденімен марапатталған.

**Нұрмағамбетов Бәшір
Нұрмағамбетұлы
(1914-1982)**

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ жерінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1937 жылы Қарағанды көмір бассейніндегі №1 шахтада тіреуші, 1946-1975 жылдары «Қарағандыкөмір» комбинатының (өндірістік бірлестігінің) №44/45 31-бис, 35-шахталарының комбайншысы, тазарту забойы тау-кен жұмысшыларының бригадирі болды. КОКП 1-съезінің, Қазақстан Компартиясы 7,8,10-съезінің делегаты, 4 және 5 сайлау. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Ленин орденімен, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алды. 1962 жылы Қазақ ССР Еңбек сіңірген шахтері құрметті атағы берілді.

**ОРДЕН ТАҚҚАН ОЗАТТАР
1938-2014 жылдары** аралығында ордендермен марапатталған Ақтоғайлықтар. (Отан соғысы «Даңк» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталғандар Торғай Ақпанбаеваның «Өшпес ерлік, өлмес мұра» кітабында жазылған.

«Ленин» орденінің иегерлері
Байсейітова Күләш - СССР халық артисі

Нұржанов Қазбек - Ұлы Отан соғысының батыры

Әбдіров Нүркен - Ұлы Отан соғысының батыры

Күзенбаев Түсіп - шахтер, Социалистік Еңбек Ері

Нұрмағамбетов Бәшір - шахтер, Социалистік Еңбек Ері

Ибраев Сәтибек - шопан, Социалистік Еңбек Ері

Мұқанов Маубас - шопан, Социалистік Еңбек Ері

Ысқақов Мақай - мұғалім

Смағұлов Әбдірахман - мұғалім

Кенесбаев Жабас - мұғалім

Керімбаев Әсет - мұғалім

Жұбаншыбаев Шаймағанбет - шопан

Сәрсенбаев Жұмабек - сиыршы

Аманқұлов Ерменбет - малшы

Жалтыров Нәдірбек - малшы

Оразалин Мұқади - малшы

Байгазин Ақбұзау - малшы

Асылбеков Айтбек - шопан

Есенқұлов Жағыпберлі - шопан

Қалиев Мұздыбай - шопан

Бабашев Максұтбек - шопан

Имұхамбетов Сәмет - жылқышы

Кәдірбеков Тұрған - шопан

Исин Мұрат - шопан

Солтаев Көшербай - сиыршы

Көпбаев Зікірия - шопан

Драгунова Александр

Николаевна - мұғалім

Райымбеков Орынбай - шопан

«Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері

Алдажанов Мұхамедия

Алғамжанов Совет

Аманжолова Кино

Аманжолов Баймағанбет

Аятбеков Ескелді

Әлкеев Ыбрай

Байсейітова Күләш

Бәдіғұлов Кәдірберлі

Дүйсебеков Сағадат

Досжанова Бақыт

Ержанов Манарбек

Ерубасев Берік

Жаркенов Иісбек

Исин Мұрат

Имұхамбетов Сәмет

Кенесбаев Жабас

Кенжебеков Ағдарбек

Күзенбаев Түсіп-2 рет

Қасымжанов Оралбай

Қасымов Секен

Қасымбеков Төкен

Қалибеков Байжасар

Қордабаев Тілеужан

Мананбаев Балажан

Нұрмағамбетов Бәшір

Омаров Тілектес

Омарбеков Сейдіғали

Пішенбаев Қапас

Рахымжанов Әбіжан

Садықов Нарманбет-2 рет

Сәдуақасов Талғат

Сейілханов Сейдіғали

Смағұлова Мәриға

Спатаев Балапан

Сыздықбаев Иса

Сұлтанбеков Үмітбек

Тойымбеков Қазкен

Хасенов Іңкәрбай

Шайдаров Жаманкүл

Ықсанов Әбіжан

Романов Сахи

Тұңғышбай Мұқанов

(Дерекнама ықшамдалып жарияланып отыр).

(Жалғасы бар).